

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Аккузова Айнұр Абдыжалиловнаның
«Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-
прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде)» атты
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Көркем шығарма тілінің шұрайын тіл мен таным бірлігінде зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыттардың мүддесімен сабақтасып, өзекті мәселелер ретінде бой көтеріп келеді. Осыған орай бүгінде ұлттық мүдденің сипатын бейнелейтін көркем шығармалардың тілін «тіл мен таным сабақтастығы» негізінде біртұтас жүйеде қарастырудың маңызы өте зор. Зерттеушілер ұсынған көркем шығармадағы тұтастық **«мәтін түзуші – мәтін – кабылдаушы»** тұтастығы арқылы жүзеге асады, «әлемнің тілдік бейнесі» осы тұтастық негізінде бейнеленеді. Осыған байланысты таным мен тіл сабақтастық түзеді, сол арқылы көркем шығарманың «көркемдік әлемі» мен «көркем тілі» қалыптасады.

«Антропоөзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде)» атты докторлық диссертациясының тақырыбы өзекті мәселелердің бірі көркем мәтіннің тілін тіл біліміндегі жаңа парадигма аясында зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында жазушы Дулат Исабеков шығармалары тілі прагмалингвистикалық аспектіде қарастырылып отыр. «Көркем шығарма тілі» мәселесін тіл білімінің жаңа бағыттары аясында зерттеудің мәні өте зор. Кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, танымы, білімі, ойы, психологиясы, талғамы, наным-сенімі, болмыс-бітімі, тарихы барлығы да көркем шығармада бейнеленіп, тіл арқылы сақталып, ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратыны осы бағыттағы зерттеулерде анықталып отыр. Жазушы Дулат Исабеков шығармаларын антропоөзектік парадигма талаптарына сәйкес зерттеп, прагматикалық мақсатта жұмсалатын тілдік бірліктерді айқындау ұлттық танымды, ұлттық мәдениет мәселелерін кеңінен қарастыруға мүмкіндік жасайды. Антропоөзектік парадигмадағы, әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы көркем мәтіннің мәні мен маңызы зерттеу жұмысында тың тұжырымдармен көрініс тапқан.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің жаңалық дәрежесі қазіргі ғылымда талап етілетін деңгейден көрінеді. Атап айтқанда, көркем мәтін тілінің коммуникативтік-прагматикалық мәселелерін

кешенді қарастырып, теориялық-практикалық құндылығын нақты ғылыми тұжырымдар арқылы дәлелдейді. Диссертациялық жұмыста төмендегідей нәтижелер көрініс тапқан:

- жазушы Д. Исабеков шығармаларындағы құрылымдық-грамматикалық, лексика-фразеологиялық бірліктердің қолданыстық сипатын мәтін прагматикасы шеңберінде қарастырады;

- жазушы Д. Исабеков шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың тілдік көріністері арқылы пропозициялық және коммуникативті-интенционалды байланыста зерттейді;

- көркем мәтіннің прагматикалық әлеуетін танытатын көріктеуіш тілдік құралдардың прагматикалық бағыты айқындалады.

- алғаш рет жазушы Д. Исабеков шығармалары тіліне кешенді прагмалингвистикалық талдау жасалады.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияның құрылымы үш тараудан тұрады. Тараулар арасында қарастыратын мәселелерінің логикалық қисынынан туындайтын ішкі бірлік сақталған. Әрбір тарау мен тараулардағы ой қорытындылары бір-бірімен үндеседі. Оның ішкі құрылымы мен сыртқы пішімі жеткілікті дәрежеде бірін-бірі толықтырып отырады. Диссертацияның өн бойындағы зерттеу, талдау нәтижелері қорытынды ретінде жинақталып берілген. Жұмыстың қол жеткізген ғылыми нәтижелері, құрылымдық жүйесі, мақсаттық тұтастығы талаптарға сәйкес келеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің жаңалық дәрежесі қазіргі ғылымның талап деңгейіне сай. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдарының жаңалық деңгейі жоғары.

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа. Диссертант жазушы қолтаңбасына тән стильдік ерекшеліктердің прагматикалық сипатына назар аударады. Лексикалық деңгейде стильдерді араластыра қолдануды жазушы қаламына тән ерекшелік деп танып, оның оқиға барысында айтылатын ақпаратқа *деректілік, салмақтылық, байсалдылық* реңк үстейтіндігін нақты мысалдар арқылы айқындайды. Прагматиканың экспрессивті және мәдени компонентін түзе алатын ерекшеліктеріне басты назар аударады.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа. Жазушы шығармаларындағы прагматикалық коннотация, концептуалды коннотацияның берілу жолдары, яғни ингерентті және адгерентті коннотацияның жұмсалымдық сипаты, мәтін ішіндегі қызметі жан-жақты қарастырылады. Жазушы қолданысына тән ұлттық болмысты айқындайтын тілдік бірліктерді пропозициялық және коммуникативті-интенционалды байланыста зерттеуі ғылыми нәтиженің жаңашылдығын сипаттайды.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа. Жазушы қолданысына тән фразеологиялық бірліктердің прагматикалық сипаты узуалды сипатта

жағдаяттың өзіне қатыстылығы, ал окказионалды сипаты узуалды прототиппен байланысын сақтақтайтығын айтады. Жазушы тілдік тұлғасын сипаттайтын көріктеуіш тілдік құралдардың лингвопрагматикалық ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы айқындалуымен ерекшеленеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңашылдығы жазушы Дулат Исабеков шығармаларын алғаш рет антропоэзектік парадигма ұстанымы негізінде прагмалингвистикалық аспектіде зерттеуінен көрінеді. Жазушы шығармалары мәтінінің прагматикалық әлеуетін анықтауда бірнеше құрылым түрлеріне тоқталып, пресуппозиция түзу сипатын анықтайды. Жазушы шығармалары арқылы сол кезеңдегі ғаламның тілдік бейнесін, коммуникативтік-прагматикалық әлеуетін айқындай алған.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері прагмалингвистика саласындағы өзекті мәселелерді қарастыруға, жеке зерттеу бағыты ретінде қалыптастыруға, олардың теориялық ережелерін толықтыра түсуге мүмкіндік туғызады.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері жоғары оқу орындарының оқу процесінде базалық пәндерді оқытуда және кредиттік жүйеге сәйкес жасалған көркем мәтін тіліне, прагмалингвистика саласына қатысты элективтік пәндердің оқу әдістемелік кешендерін, силлабустарын жасауда қолдануға болады. Прагмалингвистика саласына қатысты ғылымдардың аясын кеңейтуде де айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз. Жалпы зерттеу жұмысының тың тұжырымдарын жоғары оқу орындарында дәріс беруде, арнайы курс жүргізуде, оқу құралдарын дайындауда пайдалануға болады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар:

1. Диссертант зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығын тереңірек аша түскені жөн болар еді. Зерттеу барысында көптеген ғылыми жаңалық ретінде танылатын тың тұжырымдар бар. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен тұжырымдарын біріздендірсе, ғылыми зерттеудің құндылығы арта түседі;

2. Диссертациялық жұмыс мәтіндік, мән-мәтіндік талдау, интерпретация әдістерінің негізінде жазылғандықтан, көркем мәтін тілін талдауға негізделгендіктен, көркем мәтінге прагмалингвистикалық талдау жасаудың үлгісін (кестесін, сызбасын) ұсынса, зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы арта түсер еді. Бүгінгі мәтіндік талдау барысында орын алып жатқан олқылықтардың орнын толтыра алар еді.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

«Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде)» тақырыбы «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша толық шифрге сәйкес келеді. Диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы жоғары, практикалық маңыздылығы айқын. Диссертацияны толық аяқталған жұмыс деп бағалауға

әбден болады. Аккузова Айнұр Абдыжалиловна PhD докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

филология және әлем тілдері

факультеті қазақ тіл білімі

кафедрасының меңгерушісі,

филология ғылымдарының кандидаты



Саткенова Ж.Б.

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазНУ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова 
« _____ » _____ 20__ ж./г.

